

Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы № 23/134-VIII " Семей қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы " шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 2025 жылғы 20 тамыздағы № 48/254-VIII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 28 тамызда № 36720 болып тіркелді

Абай облысы Семей қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Абай облысы Семей қаласы мәслихатының "Семей қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" 2024 жылғы 29 наурыздағы №23/134- VIII шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 261-18 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасының 7 - тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін аз қамтылған отбасы (азамат) (немесе оның сенімхатқа, заңдарға, сот шешіміне не әкімшілік құжатқа негізделген өкілі) тоқсанына бір рет "Азаматтарға арналған үкімет "Мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) коммерциялық емес акционерлік қоғамына немесе " электрондық үкімет" веб-порталына жүгіне алады.

Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан немесе электрондық үкіметтің веб-порталынан құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап 6 (алты) жұмыс күнін құрайды.

2. Осы шешімді интернет-ресурсқа орналастыру және мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз ету.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Семей қаласы мәслихатының төрағасы

Е. Сагандыков

"КЕЛІСІЛДІ"

Абай облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының басшысы

_____ А. Нұрлыбек

2025 жылғы " ____ " _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК